

Үйлерінде оқып және тәрбиеленетін мүгедек балаларды материалдық қамсыздандыру туралы

Күшін жойған

Ақмола облысы Көкшетау қаласы әкімдігінің 2008 жылғы 15 қаңтардағы N А-1/44 қаулысы. Ақмола облысы Көкшетау қаласының әділет басқармасында 2008 жылғы 29 қаңтарда N 1-1-76 тіркелді. Күші жойылды - Ақмола облысы Көкшетау қаласы әкімдігінің 2011 жылғы 10 қарашадағы № А-11/2158 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Ақмола облысы Көкшетау қаласы әкімдігінің 10.11.2011 № А-11/2158 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 13 сәуірдегі "Қазақстан Республикасындағы мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы" Заңының 11 бабын 2 тармағын 3 тармақшасын іске асыру мақсатында және Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Заңының 31 бабының 14 тармағына сәйкес Көкшетау қаласының әкімдігі

Қ А У Л Ы

Е Т Е Д І :

1. Үйлерінде оқып және тәрбиеленетін мүгедек балаларға материалдық қамсыздандыру 18 жасқа толмаған әр мүгедек балаға тоқсанына 6 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде қалалық бюджеттің "Мүгедектерді әлеуметтік қолдау" бағдарламасы бойынша көзделген қаражатынан ұсынылсын.

2. Келесі анықталсын:

1) материалдық қамсыздандыру туылған, асырап алынған, сондай-ақ қамқоршылыққа алынған (толық мемлекеттік қамсыздандырудағы мүгедек балалардан басқасы) балалардың ата-аналарының біреуіне немесе олардың орнындарындағы тұлғаларға отбасының табысына қарамастан ұсынылады.

2) материалдық қамсыздандыру құжаттар берілген айдан бастап облыстық әкімдіктің білім беру департаментінің психологиялық-медициналық-педагогикалық консультациясының қорытындысы бойынша ұсынылады;

3) материалдық қамсыздандыру 12 ай мерзіміне тағайындалады;

4) материалдық қамсыздандыру төлемін төлеу қаржыландыру болуына қарай өткен тоқсанға жүргізіледі. Материалдық қамсыздандыруды тоқтату жағдайы туындаған кезде (мүгедек бала 18 жасқа толса, мүгедек бала қайтыс болса, мүгедектігі алынса) төлем төлеу осындай жағдай туындаған айдан кейінгі айда тоқтатылады.

3. Материалдық қамсыздандыру тағайындау туралы шешімді "Өкілетті орган"

келесі құжаттар тізбесі негізінде қабылдайды:

- 1) Баланың туу туралы куәлігінің көшірмесі;
- 2) Мүгедектікті белгілеу туралы (белгіленген үлгідегі) медициналық-әлеуметтік сараптау комиссиясының анықтамасы;
- 3) Мүгедек баланы үйде оқытып, тәрбиелеу қажеттілігі туралы Ақмола облысының білім беру департаментінің психологиялық-медициналық-педагогикалық консультациясының қорытындысы;

4) Оқу орнынан мүгедек баланың үйде оқытылып, тәрбиеленетіндігін растайтын анықтама.

4. "Көкшетау қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі үйлерінде оқып және тәрбиеленетін мүгедек балаларға әлеуметтік көмек көрсету үшін қалалық бюджеттен бөлінген ақша қаражатын уақытылы игеруді қамтамасыз ету бойынша шаралар қолданысын.

5. Қала әкімдігінің осы қаулысы Көкшетау қаласының әділет департаментінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін күшіне енеді және 2008 жылғы 1 қаңтардан бастап алу құқықтары таратылады.

6. Көкшетау қаласы әкімінің 2007 жылғы 04 желтоқсандағы N А-12/1593 "Үйлерінде оқып және тәрбиеленетін мүгедек балаларға әлеуметтік көмек тағайындау және төлеу ережесін бекіту туралы" қаулысының күші жойылды деп танылсын.

7. Осы қаулының орындалуына бақылау қала әкімінің орынбасары Б.З. Жұпыновқа жүктеледі.

Қала әкімі